



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Емелбаев

2023 ж.

«Әлеуметтік жұмыс технологиясы» пәні бойынша Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 дан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** 09230100 «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 3w09230101 «Әлеуметтік қызметкердің көмекшісі», 4s09230102 «Әлеуметтік қызметкер» біліктіліктері үшін педагог қызметкерлерді аттестаттауға арналған «Әлеуметтік жұмыс технологиясы» пәні бойынша тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Әлеуметтік жұмыс технологиясының теориялық негіздері	01	Әлеуметтік технологияның мәні, принциптері және негізгі ұғымдары. Әлеуметтік жұмыстағы субъектілер. Әлеуметтік технологиялардың қасиеттері мен ерекшеліктері
02	Әлеуметтік жұмыстың базалық технологиялары	02	Әлеуметтік объектіні анықтауға немесе түрлендіруге, берілген нәтижеге қол жеткізуге, жағдайды модельдеуге бағытталған әдістер мен тәсілдердің жиынтығы
03	Әлеуметтік жұмыстың жеке технологиялары	03	Ерте қолға алу технологиясы. Жауапты ата-ана болуды қалыптастыру технологиялары. Әлеуметтік жұмыс саласындағы PR технологиялары. Әлеуметтік жұмыстағы әлеуметтанулық технологиялар
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық деректер, сурет және т.б.).			

4. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы

Әлеуметтік жұмыс технологиясының теориялық негіздері. «Әлеуметтік технологиялар» ұғымының мазмұны, әлеуметтік технологиялардың мәні. Әлеуметтік жұмыс субъектілері (балалар, ата-аналар, көмекке мұқтаж адамдар). Тұрпаттамасы, әлеуметтік технологияларды саралау негіздері. Әлеуметтік жұмыс технологиясының ерекшелігі. Әлеуметтік жұмыс технологияларын жіктеудің негіздері. Әлеуметтік жұмыс технологияларының функциялары (жобалық-ұйымдастырушылық, құралдық- тәжірибелік (практикалық), эвристикалық және т.б.).

Әлеуметтік жұмыстың базалық технологиялары. Әлеуметтік объектіні анықтауға немесе түрлендіруге, берілген нәтижеге қол жеткізуге, жағдайды модельдеуге бағытталған әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Әлеуметтік жұмыс нақты бір әлеуметтік мәселеге бейімделген оның шешімін табуға бағытталған әдістердің жиынтығы. Әлеуметтік жұмыс жүзеге асырылатын нақты әдістердің, рәсімдердің және қызмет әдістерінің жиынтығы.

Әлеуметтік жұмыстың жеке технологиялары. Мүмкіндігі шектеулі бала мен оның отбасын кешенді оңалту ерте қолға алу технологиясы ретінде. Жауапты ата-ана болуды қалыптастыру технологиялары. Отбасының өзін-өзі қорғау технологиясы ретінде жауапты ата-ананы қалыптастыру. Әлеуметтік жұмыс саласындағы PR технологиялары. Әлеуметтік салада қоғаммен байланысты ұйымдастыру әдістері. Әлеуметтік жұмыстағы әлеуметтану технологиялары. Әлеуметтік технологиялардағы әлеуметтік-экономикалық әдістер.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептеледі.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлеуметтік жұмыстың теориялық негіздері. / Пантюк И.В. / Минск қ., 2013 ж. - 246 б.

2. Кузнецова Л. П. Әлеуметтік жұмыстың негізгі технологиялары: Оқу құралы.- Владивосток: ДВГТУ баспасы, 2002.- 92 б.


3. Әлеуметтік жұмыс технологиялары Филатова. В.А., Кузнецова Е.М., Станкова М. В., Щитова Т. В., 2008. -124 б.

4. Фирсов, М.В. Әлеуметтік жұмыс технологиясы: Оқу. оқу құралы / Фирсов М.В. – М.: академиялық жоба, 2007. – 432 б.

5. Сиротина Т.В. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары. Барнаул 2009 - 46 бет.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті



(қолы) (Т.А.Ә)
« ____ » _____ 2023ж.

